



010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 14  
[www.115.kz](http://www.115.kz)  
тел: 8 (7172) 712868, факс: 8 (7172) 30 18 65

010000, город Астана, пр. Мәңгілік ел, 14  
[www.115.kz](http://www.115.kz)  
тел: 8 (7172) 712868, факс: 8 (7172) 30 1865

№ исх: 2-010712-17-38344  
от: 25.05.2017

№

ДС-132 от 11.05.2017 г.

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты  
Б.Қ. Тілеуханға

**Құрметті Бекболат Қанайұлы!**

Сіздің Questra World (*әрі қарай - Квестра*) компаниясының қызметіне қатысты депутаттық сауалыңыз Бас прокуратурамен қаралды.

Ұлттық Банктің мәліметтеріне сәйкес Квестра компаниясы қаржы ұйымдарының тізімінде жоқ және оның депозиттерді, банк есепшоттарын ашуға және енгізуге лицензиясы жоқ екенін хабарлаймыз.

Аталған компанияның өкілдері халыққа инвестордың «портфеліне» апта сайын 7 пайызға дейін шығарылыммен жылдық 336 пайызбен ақша салуға ұсынатыны анықталды.

Ұйым ақша қаражатын құрылымға жаңа қатысушыларды тарту арқылы табады, олардың ақша салымы 90-нан 20 000 еуроға дейінгі соманы құрайды.

Бүгінгі күні республикада компанияның 40-қа жуық офисі ашылған.

Ұлыбритания, Словения, Чехия, Бельгия және Австрия сияқты еуропалық қаржы реттеуші органдардың сайттарында Квестра компаниясына ақша салуға қатысты ескертулер бар.

Қызылорда облысы прокуратурасының нұсқауы бойынша осы аймақтың ПМ-мен 2017 жылғы 15 наурызда компанияға қатысты Қылмыстық кодекстің 217-бабы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Ү.ж. мамырында Қызылорда облысының құқық қорғау органдарымен Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізіліміне тағы 3 материал тіркелді.

Бас прокуратураның тапсырмасы бойынша қылмыстық істер біріктіріліп, тергеу үшін Ішкі істер министрлігіне берілді. Кешенді тергеу іс-шаралары жүргізілуде.

Қаржылық пирамиданы құру және басқару фактісі бойынша Квестер (*және басқа қаржылық пирамидалардың*) өкілдеріне қатысты ұқсас істер Алматы, Маңғыстау, Шығыс-Қазақстан облыстарының, Астана және Алматы қалаларының ішкі істер органдарымен ұқсас істер тергелуде.

Жедел-ізвестіру іс-шаралары басқа да аймақтарда жүргізілуде.

Азаматтарды қаржы пирамидаларына тартудың алдын алу мақсатында прокуратура және басқа мемлекеттік органдармен күмәнді пирамидаларға ақша салудың теріс салдарының мүмкіндігі туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар уәкілетті органдарға (*ИМ, МКК, Ұлттық Банк*) жағдайды тұрақты түрде мониторингілеу, қаржы пирамидаларын анықтау және олардың қызметтеріне тосқауыл қою фактілері жөнінде БАҚ-на арқылы хабарлау, сондай-ақ халық арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу туралы нұсқау жолданды.

**Қазақстан Республикасы**  
**Бас Прокурорының м.а.**

**М. Ахметжанов**



БҰЙРЫҚ

19.08.2017ж.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 328

город Астана

**Іссапар және міндеттерді  
атқаруды жүктеу туралы**

1. Европаның қылмыстық іс жүргізу бойынша озық тәжірибесін зерделеу үшін **2017 жылдың 22-27 мамыры аралығында Франкфурт (ГФР) және Таллин (Эстония) қалаларына іссапарға барамын.**



2. Мен іссапарда болған кезде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқаруды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары **Е.Ә. Кененбаевқа** жүктеймін.

3. Іссапар шығындарын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қаржыландырады.

**Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры**

 **Ж. Асанов**

009809





**БҰЙРЫҚ**

*23.05.2017г.*

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *344*

город Астана

**«Іссапар және міндеттерді атқаруды жүктеу туралы»  
Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының  
2017 жылғы 19 мамырдағы № 328 бұйрығына  
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Іссапар және міндеттерді атқаруды жүктеу туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 19 мамырдағы № 328 бұйрығына келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақта «2017 жылдың 22-27 мамыры аралығында Франкфурт (ГФР) және Таллин (Эстония) қалаларына» деген сөздер «2017 жылдың 24-27 мамыры аралығында Таллин қаласына (Эстония)» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2-тармақта «Е.Ә. Кененбаевқа» деген сөздер «М.М. Ахметжановқа» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

Негіздеме: баянат.

Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры

*Ж. Асанов*  
Ж. Асанов



009909

*Ж. Асанов*